# МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ ШАРТЫ

**Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Арыс қаласы.**
**Екінші мамыр, екі мың жиырма үшінші жыл.**

Біз, төменде қол қоюшылар, **«Гүл & Нұр»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (21.08.2003 жылы заңды тұлға ретінде тіркелген, БСН:030840016023) **жалғыз қатысушысы** аз. **Тохтарова Бекзада Усенбаевна**, 01.07.1965 жылы ОҚО-да туылған, ЖСН:650701402434, тұрғылықты мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Желтоқсан көшесі, №12 А үй, №3 пәтер, бұдан әрі **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы»** деп аталатын бірінші жағынан, және **«Marcato Capital Management»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (07.10.2020 жылы заңды тұлға ретінде тіркелген, БСН:201040007249) **жалғыз қатысушысы** аз. **Махамбетова Алия**, 21.02.1955 жылы ОҚО-да туылған, ЖСН:550221401248, тұрғылықты мекен-жайы: Түркістан облысы, Төле би ауданы, Ленгер қаласы, С.Омарұлы көшесі, №18 үй, бұдан әрі **«Сенімгер басқарушы»** деп аталатын екінші жағынан, осы төмендегі мүлікті сенімгерлікпен басқару шартын түздік.

1. **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы» мына мекен-жайдағы шопан үйін: Түркістан облысы, Арыс қаласы, Қожатоғай а/о, Қожатоғай ауылы, №011 (ноль он бір) орам, №1019 (бір мың он тоғыз) жер телімі**, Литер А шопан үйі, жалпы алаңы – 36,7 ш.м., тұрғын алаңы – 27,0 ш.м., Литер Г1 жазғы асхана – 30,6 ш.м., Литер Г2 қора – 176,0 ш.м., Литер Г3 әжетхана – 4,0 ш.м., Литер Г4 құдық – 9,6 ш.м., Литер I дарбаза – 52,0 ш.м., Литер II дарбаза – 56,8 ш.м., **алаңы: 1000,0000 га /кад №19-287-011-1019/ жер телімімен** (жер учаскесінің пайдалану нысаны: тауарлы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін), сенімгерлікпен басқаруға **1 (бір) жыл мерзімге 02.05.2024 жылға дейін «Сенімгер басқарушыға»** берді, ал **«Сенімгер басқарушы»** осы мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының мүддесі үшін басқаруға алды.
2. Осы мүлікті табыстау **«Сенімгер басқарушының»** жеке меншік құқығына өтпейді.
3. Осы шарт бойынша **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы»** Пайда алушы болып табылады.
4. Көрсетілген жылжымайтын мүлік төмендегі құжаттарға сәйкес **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының** иелігіне:
а) Арыс қаласы әкімдігінің 29.09.2003 жылғы №529 санды қаулысымен;
ә) Арыс қалалық жер қатынастары бөлімімен берілген, 03.09.2019 жылғы, №92 санды жер учаскесін жалға беру шартымен;
б) Арыс қалалық сәулет және қала құрылыс бөлімімен 28.04.2022 жылы берілген, №22/148 санды, меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау актісімен қарайды.
5. Көрсетілген жылжымайтын мүлік ешкімге сатылмаған, тиым салынғандығы және тұтқында жоқ екендігі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалымен 02.05.2023 жылғы №10100655098949 санды жылжымайтын мүлікті тіркеген құқығы және оның техникалық сипаттары туралы анықтамасымен анықталады.
6. **«Сенімгер басқарушыға»** берудің мақсаты осы мүлікті пайдалануда жоғарғы мөлшерде пайда табу.
7. Сенімгерлікпен басқаруға берілген мүлікке үшінші жақтың құқығы жоқ.
8. **«Сенімгер басқарушы»** осы мүлікті басқара отырып осы мүлікке байланысты әр түрлі құқықтық және нақтылай **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы»** мүддесінің пайдасын көздеп осы шартта (6 тармақта) көрсетілген мақсатқа жету үшін заңды іс әрекеттер жасайды.
9. **«Сенімгер басқарушы»** мүлікті сақтайды және сақтау барысындағы барлық шығындарды өз есебінен жұмсауды міндеттенеді.
10. **«Сенімгер басқарушы»** жыл сайын сәуір айының бірінші жұлдызынан кешіктірмей **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысына»** жазбаша хабарламамен барлық жасалған іс-әрекеттерге, кіріс-шығыс сомаларына, құжаттарын тіркеп есеп береді.
11. **«Сенімгер басқарушы»** мүлікті басқаруды өзі жүргізеді.
12. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты тоқтатылған жағдайда осы мүлік **«Сенімгерлікпен басқару құрылтайшысына»** өткізіледі.
13. **«Басқарушы» «Басқару Құрылтайшының»** келісімінсіз табыс етілген мүлікті кепілге қоюға, иеліктен айыруға құқы жоқ.
14. **«Басқару құрылтайшысы»** ұсынысымен шартты бұзу **«Басқарушы»** бұл жөнінде екі ай бұрын ескерту арқылы жүзеге асырады.
15. **«Басқарушының»** ұсынысымен шартты бұзу кезінде, ол бұл жөнінде **«Басқару Құрылтайшысына»** шартты бұзғанға дейін бір ай бұрын ескертуі тиіс.
16. Шарт үш данада түзілді, оның біреуі нотариус Кокенов Султангали Онгарулының іс мұрағатында сақталынады, қалғаны тараптарға беріледі.
17. Осы шартты түзу шығындарын **«Сенімгер басқарушы»** төлейді.
18. Қазақстан Республикасы «Нотариат туралы» Заңының 53-бабы, 18-ші бабының 1-тармағы, 2-тармақшасы, 79 бабы және ҚР Азаматтық кодексінің 883, 895-баптары нотариуспен тараптарға түсіндірілді.
19. Осы шарт тараптары қолдарын қойған кезден бастап күшіне енеді.
20. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты шарт тараптарына ауызша оқылды. Осы шартқа қол қоярда тараптар өзідерінің әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын, немесе өзінің не істегенін білмейтін, жүйке ауруы немесе ақыл-есі кем еместігін, әрекет қабілеттілігінің шектелген деп танылған еместігін, алдау жаңылысу, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалмағандығын, сондай-ақ басқа тиімсіз ауыр мән жайлардың болмағандығын, осы арызға қол қоярда алкогольдік немесе есірткілік, токсикологиялық масаю халінде болмағандығын, ақыл есінің бүтін, өзінің құқықтарымен міндеттерін түсінетінін қуаттайды.

**Тараптардың қолдары:** Тохтарова Бекзада Усенбаевна

Махамбетова Алия

**Екінші мамыр, екі мың жиырма үшінші жылы**, осы шартты мен, Қазақстан Республикасының Әділет Министірлігімен, 2014 жылдың 30 желтоқсанында берілген, №14020857 мемлекеттік лицензия негізінде қызмет етуші, Түркістан облыстық нотариаттық аймағының нотариусы Кокенов Султангали Онгарулы, куәландырдым.

Шартқа аз. **Тохтарова Бекзада Усенбаевна** және аз. **Махамбетова Алия** менің көзімше қолдарын қойды, олардың жеке бастары анықталып, **«Гүл & Нұр» ЖШС-нің** және **«Marcato Capital Management» ЖШС-нің** құқық қабілеттіліктері, аз. **Тохтарова Бекзада Усенбаевнаның** және аз. **Махамбетова Алияның** өкілеттілігі, әрекет қабілеттіліктері тексерілді, сондай-ақ жылжымайтын мүлік **«Гүл & Нұр» ЖШС-не** тиесілі екендігі тексерілді.

Тізілімде тіркелді №1885
Төленді: 34 500 теңге.
Нотариус:

ZZ870506623050221544 4C662326
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия